

Жетісай жоғары медицина колледжі,сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша І тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру

№1 ХАТТАМАСЫ

12.03.2025 жыл

**Жетісай жоғары медицина
колледжі ШЖҚ МКК**

Қатысқандар: Жетісай жоғары медицина колледжі әкімшілік құрамы,пед.құрам жалпы 134 адам.

Күн тәртібінде:

1.Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңы *(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ)* колледж қызметкерлеріне 2024-2025 жылының І тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты колледж директоры М.Токбергенов жоғарыдағы нұсқаулықтарды негізге ала отырып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау,комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелері, құндылықтары мен принциптерін бір түсіндіріп өтті. Колледж заңгер-кеңесшісі комплаенс-офицері міндетін атқарушы М.Балтабаев ол өз кезегінде 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін түсіндіріп, колледж қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер ережелерін сақтамай жүрген деректер тіркелмегенін бұл жөнінде қызметкерлерге толық түсіндірілгеніне тоқталды. Құқықтық оқу және түсіндіру барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық фактілерінің неден пайда болатындығын, оған жол бермеудің қарапайым әдістері жөнінде кеңінен мағлұмат берілді. Уәкілетті орган қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалғыз адам емес, қоғам мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің бірігуімен қарсы тұруға болатынын, әрбір жеке тұлға жауапкершілікті сезініп, өз қызметінде осы індетпен барынша күрес жүргізбей, жеңіске жету мүмкін емес екенін баса айтты. Колледж директоры: М.Токбергеновтің алдағы уақытта жоғарыдағы көрсетілген құқықтық нормалардың сақталуын бақылауда ұстауға тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді зерделей келе колледж директоры;

ШЕШІМ ЕТТІ:

1.Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңы *(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ)* сақтауға;

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша І тоқсан барысында нормативтік актілерді түсіндіру есепке алынсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



М.Токбергенов

М. Балтабаев